

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

**«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы**

25.05.2023 ж.

**Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”**

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции  
«Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.  
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің  
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті  
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930  
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

8. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. –128 б.
9. Садразам Е. Bir Kıbrıs Türk Miti Üzerine Antropolojik Çözümleme: Sarı öküz // Millî Folklor, 135. – Güz 2022. – S. 18-32.
10. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баяны [1472]. – Алматы: Жалын, 1996. – 521 б.
11. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 192 б.
12. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. – Москва: Наука, 2010. – 452 с.
13. TDK. <https://sozluk.gov.tr/>.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ЗООНИМДІК ЛЕКСИКА

*Кусаинова А. Б.*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан  
aygerim.kussainova@yandex.ru*

**Аннотация.** Сан ғасырлар бойы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып, бір ғана мәдениеттің – көшпелілер мәдениетінің тұғырын бірлесе қалаған түркі халықтарының дүниетанымы, этномәдени болмысы тарихи-әлеуметтік үдерістерге байланысты белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Мұндай өзгерістер этнос тілінен көрініс тауып отырады, тегі бір қазақ және түрік тілдері де жалпытүркілік табиғатын сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Қыпшақ тобындағы қазақ тілі мен оғыз тобындағы түрік тілінің лексикалық құрамын салыстырмалы тұрғыдан саралау жалпытүркілік лексиканың қыпшақтық, оғыздық белгілерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі сөздік қордың ауқымды бөлігін құрайтын зоонимиялық лексика әлі толық зерттелмеген сала болып табылады. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі жылқыға қатысты зоонимдік лексика салыстырмалы түрде қарастырылып, ортақтықтар мен ерекшеліктеранықталады.

**Кілт сөздер:** Зооним, зоонимдік лексика, жылқы, ат, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер.

**Abstract.** For centuries, Turkic peoples followed the traditions and customs of nomadic and semi-nomadic peoples. Of course, ethnocultural identity and spirituality have undergone changes over the centuries, which are reflected in the language. The Kazakh and Turkish languages that were united in their origins developed autonomously, preserving the common Turkic nature. Nevertheless, a comparative

analysis of the lexical structure of the Kazakh and Turkish languages belonging to different language groups affects the determination of the peculiarities of the formation of Kipshak, Oguz language phenomena in common Turkic lexicology.

Zoonomic vocabulary, which is an important part of the vocabulary of the Kazakh and Turkish languages, has not been sufficiently studied. The article compares the zoonomic lexicon related to horse in the Kazakh and Turkish languages, and identifies commonalities and peculiarities.

**Key words:** Zoonym, zoonym vocabulary, horse, horse, phraseology, proverbs

Түркі халықтары үшін жылқының орны ерекше. Қазақ халқының мифологиялық дүниетанымы бойынша, жылқының киесі – Қамбар ата. Өте сезімтал жануар жылқы малына қатысты қазақ және түрік тілдерінде бірнеше зоолексемалар қолданыста. Түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты зоонимиялық жалпы есімдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: 1) малды ерекше белгілеріне қарай бөлмей қолданылатын жалпы атаулар: *жылқы*, *ат*; 2) жас ерекшелігіне байланысты зоонимдер: *құлын*, *тай*, *құнан*, *дөнен*, *бесті* т.б.; 3) жынысына байланысты сөздер: *байтал*, *бие*, *айғыр* т.б.; 4) жүрісіне қатысты лексемалар: *жорға* т.б.; 5) түр-түсіне байланысты сөздер: *боз*, *буырыл*, *бөрте*, *торы*, *қаракер*, *кер*, *жирен*, *құла* т.б.; 6) ерекше белгілеріне қатысты сөздер: *қасқа*, *төбел* т.б.

**žilqī~yulki:** қаз. *žilqī*, түр. *yulki*. Малдың жалпы атауын білдіретін *жылқы* сөзі – жалпытүркілік лексема. Бұл атау көне жазба мұраларымызда жиі кездеседі: орта ғасыр түркі жазба мұраларында – *jilqī* [1:65], шағатай мәтіндерінде *yulki* [2:1251] түрінде қолданылған. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде жылқы малының жалпы атауы ретінде *junt* [1:281] лексемасы да қолданылады. Жылқыға қатысты «*junt* сөзінің «Китав әл-идрак әл-лисан әл-атрак» шығармасында *junad* тұлғасы кездесуіне байланысты көне түркілік *junt* лексемасы екі дербес лексеманың кірігуі арқылы жасалған деген тұжырым ғылымда белгілі: *jun+ad(at)*. Э.В.Севортян *junt* сөзінің негізгі мағынасы «үйретілмеген жабайы (асау) жылқы» деп көрсетеді [3:254]. Қазақ тіліндегі семіз, түгі жылтыраған жас жылқыға, толық, ширақ, әдемі жас адамдарға қатысты қолданылатын *žunttaj* сөзінің де мазмұны көрсетілген мағынаға сәйкес келеді» [4:135].

Қазақ тілінің әдеби сөздігінде жылқыға қатысты мынадай анықтамалар берілген: «1. зат. төрт түліктің ішінде тақ тұяқты түрі, мал; 2. этн. соғымға, үлкен астарға, тойға, үлкен, қадірлі кісінің өліміне сойылатын, қазы, қарта, жаясы бағаланатын, еті дәмді, кәделі мал; 3. зоол. тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы; 4. жылқының үйірі, табыны; 5. жүйрік ат, тұлпар, бәйгеге қосу, көкпарға міну үшін жаратылатын ат; 6. этн. сүті, қымызы үшін қолда ұсталатын үй жануары, мал, бие; 7. этн. Қазақтың дәстүрлі қоғамында байлығы, үстем тап арасындағы орны, беделі өлшенетін бірлік; 8. бәйгеге, бас бәйгеге тігілетін құнды сыйлық; 9. айырбасқа, ақша орнына жүретін бағалы пұл; 10. этн. өлтірілген адамның құнына алынатын мал; 11. этн. барымталанатын мал; 12. этн. қалыңмал ішіндегі бас тоғызға беретін негізгі мал; 13. поэт. береке-бірліктің, жайма-шуақ жайлылықтың, байлықтың, тыныштықтың нышаны» [5:689]. Қазақ

ұғымында жылқы – сұлулықтың, беріктіктің, шыдамдылықтың символы. Мәселен, қазақ тілінде ғана кездесетін «адам жылқы мінезді» тіркесі адамды жағымды жағынан сипаттайды. Мұнда көнбістігімен, өзінің күшін тез қалпына келтіріп алуға деген қабілеттілігімен ерекшеленетін адам сөз болып тұр. Жылқыға тән бұл қасиетті көшпелілер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны ең абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады.

Түрік тіліндегі *yulka* сөзінің мағыналары қазақ тіліндегі *жылқы* лексемасының мағыналарымен толық сәйкес келе бермейді: «1. İsim Canlı ve hayvan; dört ayaklı hayvanlara verilen genel ad; sürü halinde bulunan hayvanlar; Hayvan (есім. Жанды және хайуан; төрт аяқты жанураларға берілген жалпы атау; үйірімен өмір сүретін жануралар; мал); 2. Sürü: genellikle at sürüsü (үйір: негізінен ат үйірі); 3. Çiftlik hayvanları; sığır, büyük baş hayvanlar (үй жануарлары; сиыр, ірі қара малдары); 4. Hayvan sürüsü, davar. (жануарлар үйірі, отар); 5. Hayvanlar dünyası (жануарлар әлемі); 6. Cins at; iyi koşan at (аттың бір түрі; бәйге ат). 7. At, eşek gibi tek tırnaklı hayvan sürüsü (ат, есек сияқты тек тұяқты жануарлар үйірі); 8. Başlı boş bırakılmış at ve eşek sürüsü (бос жіберілген ат және есек үйірі)» [6:2415]. Бұл қазақ тілі мен түрік тіліндегі зоонимдердің лексика-семантикалық айырмашылықтарымен қатар, этнос болмысына қатысты ерекшеліктерді де көрсетеді, мәселен, түріктер өміріндегі есектің орнының маңыздылығын аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі *жылқы* лексемасының мағынасын түрік тілінде *at* зоонимі береді.

*at=at*: қаз. *at*, түр. *at*. Жылқы малына қатысты барлық түркі тілдерінде қолданылатын *am* зоонимі де түркі жазба ескерткіштері тілінің бәрінде дерлік сақталған: көне түркі жазба ескерткіштерінде, Қарахан дәуірі мұралары «Диуани луғат ат-Түрік» пен «Құтадғу Білікте» де – *at* «конь, лошад [1:32].; Хорезм-Алтын орда дәуірі мәтіндерінде *at* [7:59]. Қазақ тілінде *am* сөзінің мағынасы дараланып, «еркек жынысты, шаруаға қолданылатын ересек жылқы» мағынасы да қолданылады. Түрік тілінде *at* сөзіне «Atgiller familyasından binek, yük ve çeki hayvanı olarak kullanılan ortalama otuz yıl ömürlü, memeli, tek toynaklı, evcil ve otçul hayvandır (ат тұқымдастар тегіне жататын, мініс, жүк және көлік хайуаны ретінде қолданылатын, орташа отыз жыл өмір сүретін, емшекті, тек тұяқты, отқоректі үй жануары)» деген анықтама беріледі [6:380].

*ajyir~ajgir*. Аталық жылқыға қатысты қолданылатын *айғыр* сөзі де ертеден қолданылып келе жатқан жалпыалтайлық лексема: көне түркі жазба ескерткіштерінде – *adyir* «жеребец» [1:40], *adgir* қарахан дәуірі мәтіндерінде *adgir* [8:11] тұлғасымен қатар *augir* формасы да қолданысқа түскендігін көруге болады. Кейінгі Хорезм-Алтын орда дәуірі [7: 65], Шағатай дәуірлері мұраларында *augir* [2:76] түрінде; ескі қыпшақ ескерткіштерінде *ajyir/azyir* (Құрыш.80) тұлғалары қолданылған. М.Ескеева түркі тілдеріндегі *ajyir/azyir/adyir* лексемаларының құрамындағы *\*aj~\*ad~\*az* түбірін *at* зоонимімен байланыстыра отырып, бастапқы түбір өзгерістерінің кешенін береді: «Түркі-монғол тілдеріне ортақ *adyir* лексемасының қалыптасуына жалпыалтайлық *\*ad ≈ \*az ≈ \*až ≈ \*at ≈ \*as ≈ \*ax ≈ \*aj ≈ \*oj ≈ \*öj* түбірлес моносиллабтар кешені негіз болған» [4:82].

**azban~azman.** Түркі тілдерінде еркек жынысты жылқыға байланысты жалпы есімді білдіретін *azban/azman* зоонимі де қолданылады: *azman* «кличка лошади» [1:73]; қаз. *azban*; ққалп. *azman* «жеребец»; түрік тілінде *az(man)*.

Қазақ тілінде аналық жылқының жасына байланысты *байтал*, *бие* лексемалары қолданылса, түрік тілінде *öre*, *gulan*, *küpe*, *urya*, *gelinci*, *maydan/matyan*, *kısrak* зоонимдері қолданылады. Қазақ тілінде *қысырақ* жылқыға да, мүйізді ірі қараға да (қысыр қалған құнажын) қатысты қолданылады. Қазақ тіліндегі *бие* молшылықтың, ырыс-несібенің символы. Қазақтың құн өтеу салтында да ең жоғары құн құлынды биемен есептелген.

**bajtal~bajtal:** қаз. *bajtal* үш жасқа толған ұрғашы жылқы, османлы түрк.*bajtal*. Қазақ тіліндегі *bajtal* лексемасы қазіргі түрік тілінде қолданылмайды, бұл мағынаны (*küçük*) *kısrak* зоонимі береді. Зооним көне түркі, көне ұйғыр, қараханлы, шағатай ескерткіштері тілінде де кездеспейді. Ал қазіргі түркі тілдеріне келетін болсақ, гагауыз, құмық, қарайым, қарашай, балқар, татар, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр түрікшесінде *bajtal*; якут тілінде *baytahn* «семіртілген (үй жануары үшін)», жануар түрі (сиыр, ат) және еркек немесе ұрғашы мал болсын (үйде ұсталып бағылған мал); алтай тілінде *paytal*. *Байтал* сөзін түрік ғалымдары тарихи кірме сөз деп сипаттайды. Түркі тілдерінде қолданылатын *байтал* сөзі *байта-* етістігіне *-л* жұрнағы арқылышыққан немесе моңғолша *baytals'* сөзінің қысқарған түрі деп санайтын көзқарастар бар [9:13].

Моңғол тілдеріндегі байтал сөзінің нұсқалары мен олардың семантикалық көріністері мынадай: бур. *baytaha(n)* «бірнеше жыл бойы төлдетпей, қысыр қалдырған бие немесе сиыр» «құрбандыққа шалу үшін арнайы бағылатын жылқы (жазбаша моңғол тілінде *bayitasun* т.б.). Жоғарыдағы *байтал* сөзіне қатысты беретін кейбір мағыналар түркі тілдері үшін бірдей болып келеді. Моңғолша *baytas(un)*, *bay* - «болу» етістігіне зат есім тудыратын *s-* жұрнағы қосылып және себепті білдіретін етістік *t-* түрінде сипаттап мәнін ашып көрсетуге болады. Оған сәйкес бұл сөз «қысыр қалдырылған және өзінің құлыны жоқ ұрғашы жылқы» деген мағына білдіреді. Жалпыалтайлық *байтал* сөзінің этимологиясын Г. Дёрфер, Г. Клаусон, Э.В. Севортян, А.М. Щербак т.б. ғалымдар зерттеген.

Түрік тіліндегі ұрғашы жылқының жасына қатысты кейбір зоонимдер қазақ тілінде кездеспейді: *öre* «үш жасар байтал», *gulan* «үш, төрт жасар байтал», *küpe* «1-3 жас арасындағы байтал», *urya* «екі жарым жасар байтал», *gelinci* «үш жасар ұрғашы байтал», *maydan [matyan]* «екі-үш жасар байтал» (ТДК 1993, 4015).

Қазақ тіліндегі жоғарыда талданған атаулардан өзге жылқының жасына қарай бөлінетін атауларды *құлын*, *тай*, лексемалары құрайды.

**qulın~kulun:** қаз. *qulın* «жылқының бір жасқа дейінгі төлі», түр. *kulunlu /kulunatçı* «қарнында төлі бар, буаз байтал, есек және т.б. жануар». Түрік тілінде *kolun* әлі туылмаған төлді білдіреді. Буаз малдың ішінде жатқан төлді *kundu*

«буаз байтал ішіндегі төл» деп те атайды. Қазақ халқында буаз балдың ішіндегі төлі жеке ажыратылып аталмайды.

Жылқы өсіріп көшпелі болған, жылқы мен адамды бір-біріне ұқсатқан қазақ халқы жылқының төлі – құлынды адам баласындай «жылқы баласы» деп атап, өздерінің балаларын «құлыным», «құлыншағым» деп еркелеткен. Қазақтар қыздардың тұлғасының әсемдігін құлынның дене мүшесінің сұлулығына теңеп «құлын мүсін», «құлын мүшелі» деп сипаттайды. Құлын – сұлулықтың, еркеліктің символы.

**taj=tay:** қаз. *taj* «жылқының бір-екі жастағы төлі», түр. *tay* «аттың екі жасқа дейінгі баласы». Жылқы малы қазақтар үшін ерекше қасиетті саналатыны белгілі. Жылқыны түріктер де ерекше қастерлейді. «Жылқыны қасиетті санау басқа түркі халықтары тұрмысынан да анық байқалады, - дейді Сарыбаев, мысалы, Түркияда «бунчук» деген музыкалық аспап болған. Оны бақсылар ғана қолданған. Сылдырмақтар мен қоңыраушалар ілінген бұл аспап асатаяқтан (біздегі музыкалық аспап) аумайды. Осы бунчукке аспаптың сиқырлы қасиетін арттыру үшін жылқының қылы байланған [10:181].

**qunan~konan:** қаз. *qunan* «үш жастағы еркек жылқы», түр. *konan* «әлі тұмаған, үш-төрт жасар қысырақ», мағынаның антиномиялық сипаты бар.

**dönen~dünen.** Қазақ тілінде *dönen* «төрт жасар еркек жылқы», түрік тілінде *dünen* «үш жастан асқан ат» (TDK 1993, 4015) ал «төрт жасар ат» мағынасында **törtlü** (TDK 1993, 4015) зоонимдік лексемасы қолданылады. Қазақ тілінде «үш жасар еркек жылқы» мәнінде **qunan** сөзі қолданыста.

**jabi~yabi/yabi:** қаз. *jabi* «жылқының нашар тұқымы, шаруа аты»: *Жабы шауып бәйге алмас* (мақал); түр. *yabi/yabi* «тарттырылған ат; айғыр; кішкентай, арық, күшсіз ат». Қазақ түрік тілдеріндегі *жабы* зоонимінің мағынасы толық сақталған.

Түрік тілінде жылқы үйіріне қатысты *öğrek* «ат үйірі», *gölük* «ат, есек, айғыр, қысырақ және т.б. жануарлардың үйірі, табыны, отары», *sürek* «үйір-үйір, табын-табын, отар-отар мал», *örek* «бір малшының бағымындағы өгіз, манда, жылқы, есек т.б. жануарлар тобынан құралған шоғыр», *öräk* «ішінде тек бір ғана айғыр бар байтал үйірі», *уеуе* «үйірден бөлініп қалған жылқы; жылдам жүріп кеткен үйірге ілесе алмай қалған жануар» сөздері де қолданылады.

Тіл иесінің бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарының тұжырымдамасы тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады [11:118]. Зерттеуші Ж.А. Қоқанова: «Қазақ халқының жылқы малына қатысты көптеген наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары мен ырым-жораларында жылқының сакральды мәні айқын аңғарылады» [12:113], - деп, аттың қазақ халқы үшін қаншалықты сакральді мәнге ие екендігін атап өтіп, «ат тұлдау», «баланы үзеңгіден өткізу», «жылқымен емдеу», «аттың жалын, құйрығын тұмар ету», «аттың басын кебіндеу», «аттың басын жерлеу», «жылқының қу басымен емдеу», «боз биенің сүтіне шомылу»,

«ақ боз атты құрбандыққа шалу» және т.б. тәрізді жоралардан ол мәннің ашыла түсетіндігін айтып өтеді [12:113]. Жалпы қазақ халқы үшін жылқы малының орны өте ерекше екендігін де осы ырым-жоралғылардан-ақ көруге болады. Жылқыға, оның түрлеріне қатысты жалпы есімдермен қатар, зоофразеологизмдердің көп болуының себебі де осы. Құрамында жылқыға қатысты лексемалар бар тұрақты тіркестерден де халық тұрмысындағы жылқының орны жайлы мәлімет алуға болады, мысалы:

*Ағаш атқа мінгізу* «Біреуді ыңғайсыз жағдайда қалдырды, біреуді өсек-аяңға іліктірді». Ат құлағында ойнайтын қазақтың дүниетанымы бойынша, ағаш ат мініп ойнау баланың ісі немесе ақыл-есі кем адамның қылығы. Сондықтан ересек адамның ағаш атқа мінуі күлкі болу, ұятқа қалу, сөзге ілігу. Бұл фразеологиялық мағынаның аталымдық уәжін, этимологиялық негізін анықтайды. *Ат жалын тартып міну* «Ержету, шешім қабылдай алатын жігіт болу». Бүкіл өмірі, тұрмыс-салты, шаруашылығы мен кәсібі жылқыға байланысты қазақ халқы үшін баланың ержетуі де оның асау үйретіп, тізгінге ие болатын, атты игере алатын жасынан басталады. Осы дүниетаным фразеологизмнің уәжін, этнолингвистикалық мағынасын сипаттайды. *Ат басындай* «Қандай да бір қатты заттың көлемін анықтау кезінде қолданылатын өлшем бірлігі. Өлшем бірлігінің де аттың басымен салыстырылуы да қазақтар тұрмысының жылқы малымен біте қайнасқанын білдіреді. Фразеологиялық мағынаның негізі ретінде қазақ санасында бекіген, халыққа жақсы таныс ат басының көлемі алынып отыр.

Келтірілгендерден өзге қазақ тілінде жылқы малына қатысты зоофразеологизмдер: *ат құйрығын кесу*, *ат ізін салмау*, *ат кекілін кесу* сияқты да қазақы ортадағы қарым-қатынасты білдіретін, құқықтық қатынастарды реттейтін ғұрыптық мәні бар үрдістерді білдіретін мағыналас фразеологизмдер де жетерлік. Бұл сияқты зоофразеологизмдер мен тілдегі мақал-мәтелдердің жиынтығынан тұратын паремиялогиялық қор – этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналады. Өйткені паремиялардың, яғни мақал- мәтелдердің мазмұн межесі мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында ұлттың (халықтың, этностың) сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. [11:119].

Қазақ тіліндегі сияқты, түрік тілінде де жылқыға қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Айталық, Түріктерде *Atın ölümü arpadan olsun* (тамақсаулық); *At izi it izine karışmak* (жақсыны жаманнан ажырата алмау); *Ata et, ite ot vermek* (істі дұрыс атқармау); *Atlar tepişir, arada eşekler ezilir* (қосақ арасында шыбын өледі); *At kafalı* т.б. фразеологиялық тіркестер кездеседі. *Atlar tepişir, arada eşekler ezilir* (атлар тепишир, арада ешеклер езилир) деген мақалында үлкендердің әсерінен кішілердің зардап шегуі жайлы мағына бар. Бұл мақалдың қазақ тіліндегі баламасы көбінесе «екі түйе жанасса, арасында шыбын өледі» мақалымен беріледі. Өлдінің әлсізге жасайтын зорлығын бейнелейтін бұл тіркеске «ірілік», «зорлық» семалары негіз болған. *At kafalı* (ат кафалы; сөзбе сөз аудармасы: *ат басты*) деген тіркес «ақымақ» мағынасын береді. Негізінен түркі халықтарында «ақымақтық» көбінесе қой, есек, шошқа денотаттары арқылы берілген. Халық жылқы жайын сөз еткенде,



біріншіден, оның ерге серіктігін, жүйрік қасиетін, дене бітімінің сұлулығын сөз еткен. Ал оны «ақымақ» ретінде көрсету сирек кездеседі [14:139]. Сонымен қатар *At çalındıktan sonra ahırın kapısını kapamak* (ат қолды болғаннан кейін қораның есігін бекіту): тұрақты тіркесі бір бәле келіп қойғаннан кейін оның алдын алуға, сақтық шараларын жасауға тырысу дегенді білдіреді. Қазақта бұл жайлы «Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» деген мақал бар. *At gibi* (ат сияқты). Түрік тілінде бұл тұрақты тіркес көбінесе сұңғақ бойлы, ірілеу келген әйелдерге қатысты айтылады. Қазақ тілінде әйелдің мүсінін атқа теңейтін тіркестер кездеспейді. Дегенмен соңғы кездері жастар арасында «фигурасы ат екен» деген сленг кең тараған. Сленгтер жіктемесі бойынша бұл бір сыңары орыс тілінен алынған тіркеске жатады [14]. *At hırsız gibi* (ат ұрысы сияқты). Киген киімі мен мінез-құлқы оғаш көрінетін, көңілге сенімсіздік ұялататын кісілерге қатысты айтылатын фразеологизм. *At koşturmak* (ат жүгірту). Түрік тілінде еркін болу, өзінің қалауынша әрекет ету дегенді білдіреді. Бірақ қазақ тілінде «ат жүгірту» жүйрік атты бәйгеге қосу үшін баптау, желдірту деген мәнге ие. Мәселен, белгілі атбегі Мейірім Жатқанбаевпен болған сұхбатта ол «ат жүгірту» тіркесін атты баптау жайын сөз еткенде жиі қолданғанын көреміз [15]. Назар аударуға тұрарлық тағы бір мәселе, тілімізде өте көп кездесетін «ит жүгірту» негізінен аңға шығу, тазымен аң аулау дәстүрін сипаттайды.

*At oynatmak* (ат ойнату): Түрік тілінде бұл тіркестің төрт түрлі мағынасы бар: 1. *Ат үстінде өнер көрсету*. 2. *Жарысу*. 2. *Басым тұру*. 4. *Өз еркімен әрекет ету*. Ал қазақ тілінде «астамшылық ету, басыну; атқа мініп қаумалап, қамап тұру (қорқыныш ұялату)» деген мәнде қолданылады. Екі тілдегі фразеологизмдерді салыстыра келе, түрікше «*басым тұру*» мағынасының қазақ тіліндегі тұрақты тіркестің білдіретін мәнімен сәйкес келетінін көреміз. Өйткені қазақта күші, мәртебесі, дәрежесі, байлығы басым адам ғана қарсыласына, жауының алдында ат ойната алады. Бұл жерде әлеуметтік мәртебе ұғымының ат денотатымен берілуі көшпенді халықтың дала заңының кейбір жұрнақтарынан хабардар етеді. Сонымен қатар қазақтағы «*шаңырағына ат ойнату*» (қобыз ойнату, қобыз тарту, әңгіртаяқ ойнату) фразеологизмі «*астаң-кестеңін шығара ойрандады, әлек салды; қым-қуыт, у да шу етті*» мәнінде де қолданылады.

Атқа байланысты түрікше фразеологизмдер мен олардың қазақша ұқсас баламаларын келесідей салыстыруға болады: *Ата binmeden ayakları sallamak* (Атқа мінбей тұрып, аяғын бұлғау). Бір істі уақыты келмей тұрып, ерте істеуге кірісу. Қазақша баламасы: *Асатпай жатып, құлдық деу*. *Ата et, ite ot vermek* (Атқа ет, итке шөп беру). Бір нәрсені лайық емес адамға беру, бір істі қарым-қабілеті жоқ жанға тапсыру. Қазақша балама ретінде *Иттің ішіне сары май жақпайды* деген мақалды келтіруге болады. *Ати ешкін, кılıcı keskin* (Аты жүйрік, қылышы өткір). Қай жағынан алғанда да күшті, өз қалауын жасай алатын кісі. Қазақша баламасы: *Төрт құбыласы түгел. Бес қаруы сай*. *Атин yürükse bin de kaç* (Атың жүйрік болса, мін де қаш). Мүмкіндігің бар болса, өзіңді құтқар. *Атина ешек mi dedik?* (Атыңа есек дедік пе?) Сені жәбірлеп кемсіткен бір сөзіміз болды ма? Қазақша баламасы: *Әкең жаман дедім бе, шешең жаман дедім бе? Atla arpayı*

*dövüştürmek (dalaştırmak)* (Ат пен арпаны төбелестіру). Біреуді біреуге шағыстыру, бәле қоздыру, араздастыру. Қазақша баламасы: *Араға от салды (жақты, тұтатты)*.

*Atla deve değil ya! (Ат пен түйе емес қой!)* 1. Ондай әсірелейтін іс емес еді ғой. 2. Сатып алуға болмайтындай қымбат емес. Қазақша баламасы: 1. *Түймедейді түйедей қылу*. 2. *Әкеңнің құны емес. Atlar anası (Аттардың анасы)*. Ірі, толық денелі әйел. Қазақша баламасы: *Бес биенің сабасындай*. Қазіргі түрік тілінде *бие* сөзі қолданылмайды. Зоофразеологизмнің мағынасы да мағыналық уәжі де сәйкес келеді. *Attan inip eşeğe binmek. (Аттан түсіп, есекке міну)*. Отырған дәрежесінен, мәртебесінен түсіп қалу, абыройынан айрылу. Қазақша баламасы: *Тәрдегі басын есікке сүйреді. Atlıyı attan, yayaуı yoldan ayırtmak (Аттыны аттан, жаяуды жолдан айыру)*. Кімде не нәрсе болса, соны қолға түсіруді меңгерген жылпос, пысық. Қазақша баламасы: *Бара жатқанның балтасын, келе жатқанның келтегін алып қалу*.

Әр халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл жөнінде ана тілімізді дамытуға үлес қосқан академик Ә. Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүние танымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасын ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама береді [16:325]. Сондықтан да халықтың тілі мен рухани болмысы және мәдени байлығы бірімен-бірі тығыз байланысты. Екі халықтың өзіндік рухани болмысы мен мәдени байлығының көрсеткіші болып табылатын жылқы түлігіне қатысты этномәдени мазмұнын ашуға тырыстық.

Осылайша, қазақ және түрік халқының жылқы малына қатысты тұжырымдары мен танымы жылқыны тануда қалыптасқан өзіндік дүниетанымына, түліктің осы түріне деген көзқарасына байланысты туындаған деп ойлаймыз. Мысалы: қазақ халқы «жылқы мінезді халықпыз» деп өзін жылқыға ұқсатады. Мұндай таным түрік халқында кездеспейді. Әйтсе де Анадолы түріктері тамақсаулықты *Atın ölümü arpadan olsun* (аттың өлімі арпадан келсін) деген тіркеспен бейнелейді. Бұл түрік халқының жылқыға деген өзіндік көзқарасын танытса керек.

## Әдебиет

1. Древнетюркский словарь. Ред. В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. - Л: «Наука», 1969. – 678 с.
2. Ünlü S. Çağatay Türkçesi Sözlüğü. – Konya: Eğitim Kitabevi Yayınları, 2013. – 1286 s.
3. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». – М.: Наука, 1978. – 349 с.

4. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007.-360 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011. -752 б.
6. Büyük Türkçe Sözlük / Türk Dil Kurumu. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 2523 s.
7. Ünlü S. Harezm Altınordu Türkçesi Sözlüğü. – Konya: Eğitim Kitabevi Yayınları, 2012. – 720 s.
8. Ünlü S. Karahanlı Türkçesi Sözlüğü. – Konya: Eğitim Kitabevi Yayınları, 2012. – 1048 s.
9. Besli Ertan. Eski ve Orta Türkçe Hayvan İsimlerinin Etimolojisi. Yayınlanmamış Doktora Tezi. – İstanbul, 2010. - s. 349.
10. Кусаинова А.Б. Төрт түлік мал атауының этнолингвистикалық сипаты // «Түркі әлемі және халықаралық байланыстар: тарих, тұлға, келешек» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 26-27 мамыр, 2017 ж.
11. Түймебаев Ж., Ескеева М., Сағидолда Г. «Мәңгілік ел» идеясын дамытудың лингвистикалық негізі. – Алматы: «Қазығұрт», 2018.- 360 б.
12. Қоқанова Ж. Салт-дәстүр мен наным-сенім мазмұнының төрт түліктің түгі мен терісі атауларындағы көрінісі // Қазақ тілін коммуникативтік, функционалдық бағытта зерттеу және оқытудың инновациялық технологиялары: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Арыс», 2010. 2 кітап. - 460 б.
13. Büyük Türkçe Sözlük / Türk Dil Kurumu. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 2523 s.
14. Абраш А., Бейсе Н. О словообразовательных моделях сленговых выражений казахской молодежи // [http://sibac.info/archive/guman/9\(12\).pdf](http://sibac.info/archive/guman/9(12).pdf). 18.01.2020.
15. Джатқанбаев М.: Найман-торының деңгейіндегі тұлпар баптау – арманым: сұхбаттасқан Әділет Мәдениет. 2019 жыл 22 сәуір // <https://qamshy.kz/article/47142-meyirim-ddgatqanbaev>. 18.01.2020.
16. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Сардар, 2014. – Т. 1. – 520 б.

## **ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКИЗМДЕР**

*Кутлымуратова А.Х.  
Қарғалы к. №3 орта мектебі  
Алматы облысы, Қазақстан  
kkaziza@bk.ru*

**Аннотация.** Әрбір тарихи жағдай тілге өзіндік бір ізін қалдыратыны анық. Түркі халықтарының тілдері түрлі тілдер де өз ізін қалдырды. Түркизм – кез-келген тілдегі түркі тілдерінен енген кірме сөз. Қай тілді алсақ та кірме сөздер